

присяги, относится к периоду создания первых древнейших государств мира, а в некоторых случаях и в догосударственную эпоху племенных объединений.

Разные страны и народы разными путями приходили к одинаковым, наиболее рациональным правовым нормам. Уже с созданием древнейших государств мира присяга развивалась и трансформировалась как важнейшая часть судебного поединка.

Обычное или архаичное право, целью которого было примирение сторон, основано на общих для всего человечества моральных нормах и ценностях, и поэтому его развитие на первоначальных этапах развития человеческого общества проходило более или менее одинаково.

В заключение следует отметить, что присяга в период с XVII – начала XX века прошла определенные этапы исторической инверсии: от карательного предназначения до благотворительности, от воинской специфики ритуалов, церемоний до уравнивания с гражданскими и религиозными обрядами, от безропотного повиновения до идеологизации. А в период с XVII – начала XX века присяга стала неотъемлемой и необходимой составляющей идейно-нравственного воспитания сотрудников правоохранительных органов, верных профессиональному долгу и службе.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Васильев, Ф.П., Бережкова Н.Ф. Становление и развитие процесса принятия присяги в системе государственных органов в России. / Ф.П. Васильев, Н.Ф. Бережкова // Государственная власть и местное самоуправление. № 3. – 2005. – С.24–25.
2. Графский В.Г. Всеобщая история государства и права. – Москва: Норма, 2003. – С. 382.
3. Клеандров М.И. Экономическое правосудие в России: прошлое, настоящее, будущее. – Москва: Волтерс Клувер, 2006. – С.600.
4. Хидоя. Комментарии мусульманского права. В 2 ч. Ч. 1. Т. 1-2 автор(ы): Маргинани Бурхануддин. – 2008 – С. 807. Книга 6, глава 1 «Об Айманах, или клятвах» – С. 353, 360.
5. <http://www.hrono.info/dokum/salic.html> – 27 ноября 2009 – Салическая Правда. §10 вызове на суд.
6. Хрестоматия памятников феодального государства и права стран Европы. / Под ред. В. М. Корецкого. – М., 1961. – С. 738, 745-749.
7. *Кашанина Т.В.* Происхождение государства и нрава, – М., 1999. – С.136, 186–189.
8. Брокгауз Ф.А., Ефрон И.А. Энциклопедический словарь. Т.25. – Санкт-Петербург.: Типолиитография, 1882. – С.450–451.
9. Вержбицкий К.В. Развитие системы принципата при императоре Тиберии (14–37 гг. н.э.). Дисс. канд. истор. наук. – Санкт-Петербург, 2001. – С.21.

Поступила в редакцию 11.03.2010.

**М.С. ЕЛУБАЕВ**

### **ЖАЗАНЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІ**

*The article is dedicated to the separate aspects of punishment verdict due to criminal legislation of the Republic of Kazakhstan. The system of punishment has significant methodological and practical value to solve the tasks of legislation.*

*In present time the system of punishment assignment due to the criminal legislation in the republic of Kazakhstan include ten basic types of punishment.*

*The usage of punishments not considered in law is illegal.*

Біздің елімізде XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап орын алып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық өзгеріс – жаңғырулар қоғамның құқықтық саласындағы өзгерістеріне де еріксіз алып келді. Ел ішінде жүргізіліп жатқан кешенді реформалар жаңа базасыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Соңғы он жыл ішінде кез келген құқықтың, мемлекеттің алғашқы тұғыры, берік іргетасы болып табылатын бірқатар заңдар: Конституция, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, Қылмыстық-атқару кодексі және т.б. қабылданды.

Қазіргі таңда Қылмыстық құқықтар түсінігі мен маңызы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда өзгерістермен толықтыруларға ұшырады. Бұл дегеніміз өмірдің жаңа ағымына қарай қылмыстық жаза түрлерінің өзгеруімен байланыстырамыз. Осыған байланысты біздің де заңнамамызда көптеген өзгерістер жүріп өтті. Себебі, 1997 жылға дейін біз ескі Қылмыстық кодексті қолданып келдік. Ал ол кодекс болса бұрынғы заман талабына сай жазылғандықтан біздің өмірімізде көп

нәтижеге жеткізе бермейді. Уақыт өтіп жатқанына байланысты кез келген заңнама өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап отыруы керек. Сол сияқты біздің де Қылмыстық кодексіміз қабылданғаннан бері бірнеше рет өзгеріске ұшырады.

Қазіргі таңда барлық дерлік мемлекеттердің Қылмыстық құқығындағы маңызды мәселе жаза, жазаның мақсаты және ең бастысы жаза тағайындау жүйесі болып табылады. Жаза тағайындау жүйесін жетілдіру тікелей мемлекет жұмысын жақсартар еді. Себебі, мемлекеттің бірден-бір қызметтері қатарында қылмыстылықпен күрес бар. Ал қылмыспен күрес жүргізудегі ең тиімді құрал – жаза болып табылады. Сондықтан жаза тағайындау жүйесі неғұрлым жақсы ойластырылып, дамытылған болса, ол соншалықты жақсы нәтиже берер еді.

Біздің елімізде қылмыстық құқық толықтай дамып бітті деуге болмайды. Дәл болжай алмайтындығымыз, біздің болашақты біле алмайтынымызда, яғни алда келе жатқан өзгерістерді дәл, нақты анықтай алмаймыз. Біз тек қана сол өзгерістерге бейімделіп, оған дайындала аламыз. Қолданыстағы Қылмыстық кодексіміз 1997 жылы 16 шілдеде (№ 167-І) қабылданған. Бұл барлық қылмыстық кодекстер сияқты «жаза тағайындау» институты туралы мәліметтерді қамтиды. Атап айтқанда, жаза тағайындаудың негіздерін, оның түрлерін, олардың қолдану заңдылығын, пайда болуының себептерін дәлме-дәл көрсетеді, яғни жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауы, сондай-ақ сотталушы жасаған қылмыс ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын; рецидивтің болуын және оның түрін; сотталушының қылмыстық әрекеті қай сатыда тоқтатылғанын; қылмыстық топ, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық жасаған жағдайда сотталушының қатысу дәрежесін; қылмыстық мақсатқа жету үшін оның әрекеттерінің мағынасын және келтірілген немесе келтіруі мүмкін зиянның сипаты мен көлеміне ықпалын; қылмыстар жиынтығын; жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды; сол қылмыс үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау немесе шартты соттау негіздерін қамтиды.

Қылмыстық құқық жаза тағайындағанда кінәлінің жеке-дара жауапкершілік принципін негізгі басшылыққа алады. Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» № 1 нормативтік қаулысында былай делінген:

Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық адам заң мен сот алдында тең, ешкім де сот үкімісіз қылмыс жасауда кінәлі деп танылуға жатпайды және қылмыстық жазаға тартыла алмайды деген қағидаларын басшылыққа ала отырып, соттар қылмыстың түрі мен ауыртпалығына, айыптының қызметтегі және қоғамдағы орнына қарамастан, әрбір қылмыстық істі заңға сәйкес бұлжытпай шешуі қажет екендігіне жете назар аударуға тиіс. Заңның бұзылуын ештеңе ақтай алмайды. Қылмыстық жаза тағайындаған кезде соттар ҚК-нің 52-ші бабында көрсетілген жаза тағайындаудың жалпы қағидаларын бұлжытпай сақтауы, сондай-ақ сотталушы жасаған қылмыс ауырлығы бойынша қай санатқа жататындығын; рецидивтің болуын және оның түрін; сотталушының қылмыстық әрекеті қай сатыда тоқтатылғанын; қылмыстық топ, ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық жасаған жағдайда сотталушының қатысу дәрежесін; қылмыстық мақсатқа жету үшін оның әрекеттерінің мағынасын және келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның сипаты мен көлеміне ықпалын; қылмыстар жиынтығын; жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайларды; сол қылмыс үшін көзделген жазаға қарағанда неғұрлым жеңіл жаза тағайындау немесе шартты соттау негіздерін ескеруі тиіс. Сондай-ақ, қылмыстық заңда қылмыс жасаған адамдардың жасы кәмелетке толмағандарына, жасы 65-тен асқан ер адамдарға, сондай-ақ әйелдерге қылмыстық жаза тағайындаудың ерекшеліктері көзделгенін ескере отырып, соттар сотталушылардың жынысын және жасын ескеруі қажет. Сотталушының нақты қылмыс істеудегі кінәсі анықталған жағдайда сот оған жазаны, істеген қылмысы үшін жауаптылық қаралған заңның тиісті баптарында көрсетілген шектен шықпай тағайындайды. Мұндай ретте, сөз жоқ, істелген қылмыстың ерекшелігі және кінәлінің жеке тұлғасы жан-жақты еске алынады. Тек қана осы мәселелерді еске алған жаза ғана әділ әрі заңға сай деп танылады [1].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 52-ші бабы жаза тағайындаудың жалпы негіздерін көрсетеді. Онда былай делінген:

#### **52-бап. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері**

1. Қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және осы Кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, әділ жаза тағайындалады.

2. Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуы тиіс. Егер жасалған қылмыс үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана ол

үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза тағайындалады. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен неғұрлым қатаң жаза осы Кодекстің 58-ші және 60-шы баптарына сәйкес қылмыстардың жиынтығы бойынша немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін. Жасалған қылмыс үшін осы Кодекстің Ерекше бөліміндегі тиісті баптарда көзделгеннен қатаңдығы төменірек жаза тағайындау үшін негіз осы Кодекстің 55-бабында белгіленді.

3. Жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесі айыпкердің жеке басы, сонымен бірге оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаны сотталған адамның түзелуіне жән оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі [2].

Қылмыстық жаза тағайындау сотта істі қараудың қорытындысы және жаза мақсатына жетуді қамтамасыз ететін қылмыстық іс-жүргізудің басты элементтерінің бірі болып табылады.

Бұл туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 52-бабына сәйкес, қылмыс жасауға айыпты деп танылған адамға Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте және Кодекстің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып, қылмыс жасаған адамға оның түзелуі, сондай-ақ жаңа қылмыстың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуы тиіс.

ҚК-тің 52-ші бабында көзделген ережелер сотқа жаза тағайындаудың жалпы негіздерін, яғни соттың нақты іс бойынша жаза тағайындау кезінде негізге алынуға тиісті заңмен белгіленген өлшемдерін бекітеді.

ҚР-ның ҚК-нің 52-бабына сәйкес, жаза тағайындаудың жалпы негіздері 4 өлшемнен тұрады, яғни сот жазаны келесі негіздерді басшылыққа ала отырып тағайындайды:

- ҚР-ның ҚК-нің Ерекше бөлімінің тиісті бабында белгіленген шекте;
- ҚР-ның ҚК-нің Жалпы бөлімінің ережелері ескеріле отырып;
- Қылмыс жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті;
- Қылмыстардың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін айыпталушының жеке басы, сонымен бірге, оның қылмыс жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы, жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ тағайындалған жазаның сотталған адамдардың түзелуіне және оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы ескеріледі.

Жоғарыда аталған негіздердің мазмұны.

Бірінші өлшем, сотқа қылмыспен күресетін органдармен сараланған қылмыстарды дұрыс бағалауды міндет етеді. Сотталушының қандай нормамен жауаптылыққа тартылатынын анықтап, сот сол норманың санкциясын басшылыққа алады. Егер санкция баламалық болса, онда сот жазаның қандай түрін қолдану мәселесін шешеді, ал, содан кейін баптың санкциясында көрсетілген шектерді басшылыққа ала отырып, жаза мөлшерін тағайындайды.

Сот жасалған қылмыс үшін жаза тағайындауды заңның санкцияларында көзделген жаза мөлшерінің ең жоғарғы шегінен артық жаза, яғни қандай ауыр қылмыс болмасын санкцияда көзделген жазадан басқа жазадан қатаңырақ түрін тағайындай алмайды. Бұл талаптарды орындамау заңдылықты бұзу болып табылады.

Екінші өлшем, соттың жаза тағайындау кезінде ҚР ҚК-нің Жалпы бөлімінің ережелерін басшылыққа алуын белгілейді, мысалы, қылмыс туралы, оның сатылары, заңның уақыттағы, кеңістіктегі әрекет етуі, қылмысқа қатысу туралы, жазаның ұғымы мен мақсаты, қылмыстардың, үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындаудың тәртібі туралы ережелер, өзге де Жалпы бөлім ережелері міндетті басшылыққа алынуы керек.

Үшінші өлшем, сот жаза тағайындай отырып, ҚР ҚК-нің 38-бабының 2-бөлігінде көзделген жаза мақсаттарына жетуді көздеуі, яғни, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамнан да басқа адамдардың жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі қажет.

Төртінші өлшем, соттың жаза тағайындау кезінде қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, қылмыстың ауырлығын ескеруін міндеттейді. Мысалы, тонау қоғамдық қауіптілік сипаты жағынан, ұрлыққа қарағанда қауіптірек, ал, кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіруге қарағанда қауіптірек, осыған сәйкес, бұл қылмыстарды жасағаны үшін жаза әр түрлі болуы керек. Ауырлығы жоғары қылмыстарға қатаңдығы жоғары жаза, керісінше ауырлығы төмен қылмыс жасағаны үшін жазаның жеңілірек түрі тағайындалуы қажет [3].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 1999 жылғы 30 сәуірдегі «Қылмыстық жаза

тағайындаған кезде соттардың заңдылықты сақтауы туралы» нормативтік қаулысының 2-тармағында:

«Соттардың назары ауыр және аса ауыр қылмыс, әсіресе қылмысты ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қауымдастық болып жасаған, коррупциялық қылмыстар жасағаны үшін кінәлі болып танылған, сондай-ақ бұрын сотталған, бірақ түзелгісі келмейтін адамдарға заңда көрсетілген жазалаудың қатаң шараларын міндетті түрде талқылап, қолдану керектігіне аударылады.

Жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің дәрежесін анықтағанда, соттар қылмыстың ауырлығын анықтау тәртібін реттейтін ҚК-нің 10 – бабының талаптарын, сондай-ақ нақты қылмыстық әрекет (кінәнің түрі, себебі, тәсілі, жасаған қылмыстық жағдай мен кезеңі, одан болған ауыртпалық, сотталушылардың әр қайсысының қылмысқа қатыстылығының дәрежесі мен сипаты, т. б. ) жағдайының барлығы ескерілуі тиіс» [4].

Осы мәселеге байланысты жоғарыда аталған Жоғары соттың нормативтік қаулысының 3-тармағында:

«Соттар жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар сотталушының жеке басының мәліметтерін жан-жақты, толық және объективті түрде тексеруі керек. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігі мен қатыстығын, білімін, сотталғандығы туралы мәліметті анықтау керек. Сотталушының отбасы жағдайы анықталғанна кейін, соттар ҚК-нің 52-ші бабының 3-бөлігіне сәйкес жазаны тағайындаған кезде тағайындалған жаза оның отбасының немесе оның асырауындағы адамдардың жағдайына қандай әсер ететінін ескеруі керек» [5].

Сот нақты жағдайларға байланысты әр уақытта да кінәлінің жеке басын сипаттайтын әлеуметтік мәні бар барлық жайттарды анықтауы қажет. Оның ішінде кінәлінің қылмыс істегенге дейінгі немесе одан кейінгі мінез-құлқы, оның еңбекке, оқуға деген көзқарасы, өмір сүру салты, өзінің қоршаған ортаға қатынасы, оны сипаттайтын оң немесе теріс мән-жайлардың бәрі де ескерілуге жатады. Бұрын сотталғандарға, ішімдікпен, нашақорлықпен әуестенушілерге, қоғамдық тәртіпті бұзушыларға, қатыгездікпен немесе сыбайласып қылмыс жасағандарға шектен тыс жеңіл жаза тағайындауға болмайды. Керісінше, мемлекет, қоғам, отбасы алдындағы өз міндеттерін адал орындап жүрген, өндірісте, тұрмыста жағымды мінезімен сипатталатын адамдардың бірінші рет қылмыс жасауы олар үшін жеңілрек жаза тағайындауға негіз бола алады.

Соттардың сотталушының жеке басының мәліметтерін жан-жақты объективті түрде тексеруі оларға тағайындалатын жазаның түрін және көлемін белгілеу үшін елеулі маңызды болып табылады. Сондықтан да қылмыстық құқықтың адамгершілік принципін басшылыққа ала отырып, сот жаза тағайындағанда сотталушының денсаулығын, отбасы жағдайын, еңбекке қабілеттілігі мен оған деген көзқарасын, білімін, мүгедектігін, асырауындағы адамдардың санын, тағы да басқа мәліметтерді жан-жақты еске алады [1].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім. Оқулық. –Өнд. толықт., 4-бас. – Алматы: «Жеті жарғы», 2007. -216 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2008.-18 б.
3. Оңғарбаев Е.Ә., Смағұлов А.А. // Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Оқулық. -Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2005. -172 б.
4. <http://www.egemen.kz/?act=redarticle&=6895>
5. <http://www.supcourt.kz/supcourt.nfs/36b78207973d452c6256d89002456d9/N2015%2001%20каз.doc>

Редакцияға 23.04.2010 қабылданды.